

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

Бағыты: Әлеуметтану

Шифр: 5В050100

Пән: Криминология

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ**

Криминология пәні

бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын жүргізуге

арналған

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

(заң факультетінің 5В050100-әлеуметтану мамандығы студенттері үшін).

АЛМАТЫ 2015 ж.

Әдістемелік нұсқаулықтар қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доценті м.а., з.ғ.к. Тлепбергенов О.Н. дайындалған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің Ғылыми кеңесімен ұсынылған және бекітілген.

_____ Д.Л. Байдельдинов

Хаттама «_____» _____ 2015 ж.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің 5В050100-әлеуметтану мамандығы студенттері үшін қылмыстық құқықтық пәндер бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулар.

Студенттердің өзіндік жұмысы

Жұмыс түрлері. Олардың жалпы сипаттамасы. Жазуға қойылатын талаптар

1. Өзіндік жұмысты жазудың мақсаттары

Өзіндік жұмыс – оқытушының тапсырмасы бойынша және әдістемелік жетекшілігімен студенттердің танымдық қабілеттерін дамыту және өзіндік үздіксіз білім көтеруге бағытталған студенттердің жоспарланған жұмысы.

Оқу және ғылыми материалдың күрт өсуіне байланысты, пәнді оқуға арналған аудиториялық сағаттардың жетіспеушілігі барысында оқу үдерісі шеңберінде СӨЖ маңызды рөл атқарады. Жоғары оқу орнының кез келген бітірушісі студенттердің өзіндік жұмысы барысында қалыптасатын іргелі білімге, кәсіби қызметтің дағды, машықтарына, шығармашылық және зерттеу қызметінің тәжірибесіне, әлеуметтік және коммуникативті хұзыреттерге ие болуы қажет.

СӨЖ-дің дидактикалық міндеттері: аудиториялық сабақ барысында алған білімді бекіту, тереңдету, ұлғайту, жүйелеу; жаңа оқу материалын дербес түрде меңгеру; кәсіби машықты сондай-ақ дербес ойлау қызметінің дағдысын дамыту; дербес ойлау қабілетін, заңи әдебиетке, тәжірибелік заңи қызметке, құқық шығармашылық үдерісіне қызығушылықты жетілдіру.

СӨЖ-дің негізгі нысандары: үй жұмысы; жекелеген тақырыптар бойынша рефераттар дайындау; ғылыми студенттік үйірмелердің және ғылыми конференциялардың жұмысына қатысуды білдіретін, студенттердің оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстары (студенттердің оқу-зерттеу жұмыстары - СОЗЖ және студенттердің және ғылыми-зерттеу жұмыстары - СҒЗЖ); аудиториядан тыс уақытта іскерлік ойындар ұйымдастыру және өткізу.

Үй жұмысы тәжірибелік және семинар сабақтарына өз бетінше дайындалудан, оқу үдерісінің бір бөлігі болып табылатын кез келген дербес оқу қызметі түрінде көрінеді. Негізгі қызметі – өз бетінше оқу машығын дамыту, жұмыстың әдістері мен құралдарын анықтау, оқуды жоспарлау болып табылады. Үй жұмысы аудиториялық сабақтарда алынған білім мен машықтарды бекітуге, дағдыны қалыптастыруға, жаңа материалды меңгеруге барынша көмектеседі.

Өзіндік жұмыстарды табысты орындауды қамтамасыз ететін дидактикалық шарттар: тапсырмаларды орындауға қатысты міндеттер мен ұсыныстардың нақты берілуі; оқу тапсырмасының негізделуі (не үшін, неге көмектеседі); үй тапсырмаларының тиімді көлемі; оқытушы арқылы есептің нысаны, тапсыру мерзімдері; кеңес беру түрлерін анықтау; бағалау критерилері оценки, бақылаудың түрлері және нысандары.

Студенттердің өзіндік оқу жұмыстарының мазмұнын құрайды: оқытушымен ұсынылған әдебиеттерді оқу және конспектілеу; курстың

нақты тараулары, бөлімдері бойынша тәжірибелік сабақтарда талқылаумен ұштастыра отырып есептер шешу; семинарда немесе ғылыми студенттік үйірменің отырысында талқылай отырып, сот істеріне шолу жасау; оқытушының тапсырмасы бойынша сот мәжілістеріне қатысу, әртүрлі ұйымдардың заң бөлімдеріне, нотариалдық кеңселердің жұмыстарымен танысу; үй тапсырмасы түрінде заң жобаларына пікірлер дайындау; тәжірибелік сабақтармен ұштастыра отырып, зерттелінетін тақырып аясында құқықтық құжаттардың жобасын дайындау.

Рефераттарды дайындау – СӨЖ ұйымдастыру және бақылаудың бір нысаны. Реферат (лат. *referte* – баяндау, хабарлау) – бұл ұтымды бағалау арқылы қайнар көздің мазмұнын қысқаша баяндау немесе бірнеше қайнар көздерді салыстыру және талдау негізінде қандай да болмасын проблеманың жай-күйін ашу. Оқу үдерісіндегі мазмұны және қызметіне байланысты рефераттар ғылыми-проблемалық және шолу-ақпараттық болып бөлінеді.

Рефератты жазу мақсаты – студенттерде әдеби және нормативтік қайнар көздермен дербес жұмыс істеу машыты жазу мақсаты – студенттерде әдеби және нормативтік қайнар көздермен, жарияланған сот-тергеу тәжірибесімен дербес жұмыс істеу машығын жетілдіру. Студенттер оларды талдау және жалпылау негізінде өзіндік негіздеу арқылы теориялық және тәжірибелік сипаттағы қорытындылар жасай алады. Рефераттардың тақырыптары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі оқытушы арқылы анықталады. Қандай да болмасын кітаптың немесе мақаланың мазмұнын қысқаша баяндаумен байланысты рефераттар сәйкес тақырып бойынша дипломдық жұмысты дайындаудың алғашқы кезеңі болап қарастырылуы мүмкін. Реферат көлемі машиналық мәтіннің 15-20 беттік түрі ретінде бола алады. Рефераттың әдеттегі құрылымы: жоспар; тақырыптың негізделуі және міндеттері көрсетілген кіріспе; бірнеше параграфтан тұратын негізгі бөлім; тақырып бойынша жасалған түйіндер қарастырылған қорытынды; библиографиялық тізім.

2. Жұмысқа қойылатын жалпы талаптар

Студенттер өзіндік жұмыстың тақырыбын таңдауда келесідей ережелер ескерілуі тиіс:

- жұмыс нақты студенттің қабілетіне, мүддесіне, еркіне жауап беруі тиіс,
- жұмыс юриспруденция мамндығына пайдалы болуы керек (нақтырақ айтқанда тақырып ғылымның қазіргі жағдайын ескере отырып, мақала ретінде шығару үшін жарауы тиіс). Айтылғандар ғылымның алдыға қарай жылжуына байланысты студенттердің талаптарына жауап бере алатындай қайталанбауы қажет. Одан кейінгі тағы бір мүмкіндік көшіруге жол бермеу мақсатында өзіндік жұмыстардың нақты тақырыптары берлімейді.

3. Өзіндік жұмыстардың негізгі бағыттары

3.1. Рефераттар (баяндамалар)

Негізгі оқу курсы бойынша сындарлы шолу (салыстырмалы талдау) жасалынатын және уақыттың тарлығына байланысты негізгі бағдарламамен қамтылмай қалған криминология проблемаларына байланысты тақырыптар беріледі. Нақтырақ айтқанда, негізгі курсқа байланысты оларды үш топқа бөлуге болады: а) негізгі курста қысқаша қамтылған тақырыпты тереңірек ашу мақсатында; б) міндетті курста мүлдем қамтылмаған тақырыптар; в) студенттердің өзіндік жұмысына қатысты емес міндетті курста қарастырылатын тақырыптар.

3.2. Өзіндік жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар

Жұмыс компьютерде терілуі қажет. Мәтінде курсы, пәні, автордың ТЕӘ, жұмыстың атауы көрсетілуі тиіс. Егер жұмыс аударма болса сол материалдың библиографиялық нақты мәліметтері берілуі қажет. Сонымен қатар аудармаға кәсіби терминдердің сөздігі қоса берілуі тиіс. Егер де жұмыс аударма болмаса оның мазмұны беріледі. Жұмыстың соңғы бетінде міндетті түрде падаланылған әдебиеттердің нөмірленген тізімі міндетті түрде көрсетіледі. Мәтінде осы тізімдегі жұмыстың нөмірлері міндетті түрде тікелей жақшамен тиісті жерлері көрсетіліп тұруы тиіс.

3.3. Өзіндік жұмыстарға дайындық және оны жазу

Тақырыпты таңдау. Жоғарыда айтылған бағыттар бойынша тақырыпты алдын ала таңдауды студенттің өзі жүзеге асырады. Тақырыпты нақтылау, оқытушымен кеңесу арқылы жүргізіледі және жоспар жасалып, пайдаланылатын әдебиеттер тізімі нақтылана түседі. Туындаған кез келген сұрақтарға байланысты студент оқытушыдан жауап ала алады. Қажетті жағдайларда консультациялар тағайындалады. Сессияға екі апта қалғанға дейін жұмыс оқытушыға тапсырылады. Өзіндік жұмысты қорғауға сессия кезінде рұқсат беріледі.

3.4. Өзіндік жұмысты бағалау критерилері

Оқытушы әр студенттен жұмысты қабылдауда ауызша сұрақтар қояды. Студент жұмыстың мәтініне байланысты оқытушының қойған

сауалына жауап беруі тиіс. Жауап беру барысында мәтіндегі бейнеленген материалды игергендігін (өзі жазғандығын, аударғандығын, көшіріп алғандығын) көрсетуі қажет. Жұмысты бағалауда мәтіннің жазбаша нұсқасын және студенттің өзіндік жұмысты жазудағы жаңашылдығын және түпнұсқалығын, берілген қорытындылар және нұсқаулардың негізділігін ескеруі тиіс.

СӨЖ тақырыптарының атауы мен мазмұны:

1 СОӨЖ. «Әскери қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасы» .

Сұрақтар:

1. Әскери қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасының түсінігін және негіздері.
2. Әскери қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасы туралы даулы мәселелері.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1)Симонов А.Ф. Криминологическое прогнозирование и планирование преступлений. ., 2001 г.
- 2)Абрахинов Л.Д. Правовые основы криминологий. М., 1990 г.
- 3)Сергиевский Ю.Н Асанов Р. Проблемы криминологий. Алма-Ата, 2011 г.
- 4)Коробейников Б.В. Криминология. - М. 2008.
- 5)Кузнецова Н.Ф. Криминология. - М. 2010.
- 6)Лупеев В.В. Контроль за преступностью: надежны ли показатели. – М., 2008.

2 СОӨЖ. «Пайдақорлық қылмыстылығының ұғымы және жалпы сипаттамасы».

Сұрақтар:

1. Пайдақорлық қылмыстылығының ұғымы түсінігін беріңіз.
2. Пайдақорлық қылмыстылығының жалпы сипаттамасы.
3. Пайдақорлық қылмыстылықтың даулы мәселелері.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1)Симонов А.Ф. Криминологическое прогнозирование и планирование преступлений. ., 2001 г.
- 2)Абрахинов Л.Д. Правовые основы криминологий. М., 1990 г.

- 3)Сергиевский Ю.Н Асанов Р. Проблемы криминологий. Алма-Ата, 2011 г.
- 4)Коробейников Б.В. Криминология. - М. 2008.
- 5)Кузнецова Н.Ф. Криминология. - М. 2010.
- 6)Лупеев В.В. Контроль за преступностью: надежны ли показатели. – М., 2008.

3 СООЖ. «Қылмыстылықтың алдын алу»

Сұрақтар:

- 1.Қылмыстылықтың алдын алу түрлері және оны қамтамасыз ету .
- 2.Қылмыстылықтың алдын алу , болдырмау негіздері
3. Қылмыстылықтың негіздері.
4. Криминология түсінігі және объектілері

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1)Аванесов Г.А., Вицин С.Е. Прогнозирование и организация борьбы с преступностью. - М., 2002.
- 2)Иванов А.К Отечественная криминология: Курс лекций. – М., 2006.
- 3)Симонов А.Ф. Криминологическое прогнозирование и планирование преступлений., 2001 г.
- 4)«Кәмелет жасқа толмағандардың қылмыстары және оларды қылмыстық және өзгеде қоғамға қарсы іс-әрекетке тарту туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралың №6 11 сәуір 2002 жылғы ҚР Жоғарғы сотының нормативті қаулысы
- 5)«Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралың №6 от 23 маусым 2006 жылғы ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулысы.

4 СООЖ. «Зорлықпен күш көрсету қылмыстылығы және оның криминологиялық түсінігі»

Сұрақтар:

- 1)Зорлықпен күш көрсеті қылмыстылығының түсінігі және заң табиғаты
- 2)Басқа елдердегі қылмыс үшін жауаптылық

3)Зоролықпен күш көрсетудің криминологиялық түсінігі

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1)А. Шестаков. Криминология. СПб., 2006. — С. 40; его: К вопросу об истории криминологии // Вестник ЛГУ, 1991
- 2)Шестаков Д. А. Постлиберальный статус криминологии // Криминология: вчера, сегодня, завтра. Труды Санкт-Петербургского криминологического клуба. 2009
- 3)Сергиевский Ю.Н Асанов Р. Проблемы криминологий. Алма-Ата, 2011 г.
- 4)Коробейников Б.В. Криминология. - М. 2008.
- 5)Кузнецова Н.Ф. Криминология. - М. 2010.
- 6)Лупеев В.В. Контроль за преступностью: надежны ли показатели. – М., 2008.

5 СООЖ. «Экологиялық қылмыстылықтың криминологиялық сипаттамасы»

Сұрақтар;

- 1)Экологиялық қылмыстар туралы қылмыстық заңнаманың дамуы тарихы.
- 2)Экологиялық қылмыстардың түрлері және криминологиялық сипаттамасына түсінік.
- 3)Жансыз табиғатты қорғау ережелерін бұзғаны үшін жауаптылық.
- 4)Экологиялық қылмыстардың криминологиялық сипаттамасының дамуы.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1)А. Шестаков. Криминология. СПб., 2006. — С. 40; его: К вопросу об истории криминологии // Вестник ЛГУ, 1991
- 2)Шестаков Д. А. Постлиберальный статус криминологии // Криминология: вчера, сегодня, завтра. Труды Санкт-Петербургского криминологического клуба. 2009

6 СООЖ. «Жеке адамға қарсы қылмыстардан сақтандыру және оның криминологиялық сипаттамасы»

Сұрақтар:

- 1) Жеке адамға қарсы қылмыстардан сақтандыру түрлері , олардың жіктелуі.
- 2) Жеке адамға қарсы қылмыстардың криминологиялық сипаттамасының қағидалары.
- 3) Жеке адамға қарсы қылмыстар үшін жауаптылық .

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1) Агапов П.В.: Основы теории регламентации ответственности и противодействия организованной преступной деятельности. - СПб.: Санкт-Петербургский университет МВД России, 2011
- 2) Шестаков Д. А. Криминология. —: «Юридический центр Пресс», 2009.
- 3) Науч. ред. Н.Ф.Кузнецова: Криминология. - М: Проспект, 2010
- 4) О структуре современного криминологического знания см.: Д. А. Шестаков. Криминология. СПб., 2006.